

№5 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасының МКҚК

Кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы №3

Өткен күні: 24 қараша 2023 жыл

Қатысқандар: 5

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері:

1. Н.А.Бахбергенова – меңгеруші
2. Журунтаева Ж.К.– тәрбиеші
3. Ибраева И.Е.-тәрбиеші
4. Нурмухаммедова Т.Т.-тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына жүргізілген өзін-өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау.
2. Жауапты өзін-өзі аттестаттау комиссия төрағасы

Тыңдалды:

1. Н.А.Бахбергенова өзін-өзі аттестаттау комиссия төрайымы, меңгеруші:
2. Өзін-өзі бағалау комиссия тәрбиелеу мен оқыту жылдарына мынадай деректі құжаттарды қарады.

9.Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгітәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкесіске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарқызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

б) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

12. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Комиссия мүшелері 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының тәрбиелеу оқыту бойынша МЖМБС талаптарына сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия төрайымы Н.А.Бахбергенова өзін-өзі бағалау есебі тыңдалынды. Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деп бағаланды.

Сөз сөйлегендер:

Журунтаева Ж.К.: өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, тәрбиелеу мен оқыту бойынша МЖМБС талаптарының толық сақталған деп ойлаймын. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін көрдік.

Ибраева И.Е.: Өзін-өзі бағалау материалдарын сараптай келе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруда да білік сақталған.

Шешім:

№5 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасының МКҚК 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау МЖМБС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы:

Н.А.Бахбергенова

Хатшы:

Халбаева Г.М.

1. Н.А.Бахбергенова – менгеруші

2. Журунтаева Ж.К. – тәрбиеші

3. Ибраева И.Е. – тәрбиеші

4. Нурмухаммедова Т.Т. – тәрбиеші